

**Әкімдіктің 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 1791 "2013 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 27 наурыздағы № 462 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 19 сәуірде № 4103 болып тіркелді

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7, 20-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес Рудный қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2013 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Рудный қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 1791 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3948 тіркелген, 2012 жылғы 28 желтоқсанда "Рудненский рабочий" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген "Ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі және нақты жағдайлары, қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбегіне ақы төлеу мөлшері" қосымшасында: реттік нөмірлері 5 және 21-жолдары жаңа редакцияда жазылсын:

5	Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, техникалық жұмыстарды жүргізуде күнделікті көмек көрсету	3592	Ең төменгі жалақының 2 мөлшері	Қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен ескерілген шектеулерді есепке алып, аптасына 40 сағаттан артық емес, екі демалыс күнімен, бір сағаттан кем емес түскі үзіліспен.
---	--	---	------	--------------------------------	--

21	"Рудный қаласы мұсылманда-рының діни қоғамы" жергілікті діни бірлестігі	етпейтін, Комсомол даңғылы, 55 үй мекенжайы бойынша орналасқан "Рудный қаласы мұсылмандары-ның діни ко-ғамы" жергі-лікті діни бірлестігінің аумағын жинауда және абаттандыруда күнделікті көмек көрсету	3600	Ең төменгі жалақының 2, 5 мөлшері	Қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен ескерілген шектеу-лерді есепке алып, аптасына 40 сағат-тан артық емес, екі демалыс күнімен, бір сағаттан кем емес түскі үзіліспен.
----	---	---	------	-----------------------------------	--

мына мазмұндағы реттік нөмірі 23 – жолымен толықтырылсын:

"

23	Рудный қалалық жұмыс-пен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің "Белгілі тұрағы жоқ тұлғаларға арналған әлеуметтік бейімделу орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, 8 Март көшесі, 50 А үй мекенжайы бойынша орналасқан ғимаратты қорғау бойынша жұмыста жәрдем көрсету	8000	Ең төменгі жалақының 2, 5 мөлшері	Жұмыс уақытының жиынтық есебін қолдануымен және жұмыстың аяқталуы мен келесі жұмыс ауысымның басталуы арасындағы қоғамдық жұмыстарға қатысушының демалыс ұзақтығының міндетті сақталуымен ауысымды жұмыс кестесі бекітіледі. Есепті кезең күнтізбелік жыл болып табылады.
		Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін, 8 Март көшесі, 50 А үй мекенжайы бойынша орналасқан ғимараттың жайларын жинауда көмек көрсету	1640	Ең төменгі жалақының 2, 5 мөлшері	Қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен ескерілген шектеу-лерді есепке алып, аптасына 40 сағат-тан артық емес, екі демалыс күнімен, бір сағаттан кем емес түскі үзіліспен.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Рудный қаласы әкімінің орынбасары Е.В.Скарееваға жүктелсін.

